

Панфилов ауданы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру және өткізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 03 маусымдағы № 404 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 03 шілдеде № 3255 болып тіркелді. Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 453 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 31.08.2016 № 453 қаулысымен.

"Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 14) тармақшасына, "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру Ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 2331 қаулысына сәйкес және "2015 жылға арналған Алматы облысы аумағында ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жұмыстарын жүргізу жоспарын бекіту туралы" 2015 жылғы 12 ақпандағы № 74 Алматы облысы әкімдігінің қаулысын орындау мақсатында, Панфилов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Панфилов ауданы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жұмыстарын жүргізу қосымшаға сәйкес ұйымдастырылсын және өткізілсін.

2. "Панфилов ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Саурамбаев Ерғали Нүсіпбекұлы), Панфилов ауданы әкімдігінің ветеринариялық пунктері бар "Ветеринариялық станциясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (Умирбаев Ербосын Нұрбекұлы) және ауылдық округтер әкімдері ведомстволық бағыныстылықтағы аумақтарда ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етсін.

3. Панфилов ауданы әкімдігінің 2014 жылдың 22 қыркүйектегі "Панфилов ауданы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру және өткізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне 2014 жылы 14 қазанда № 2867 енгізілген, "Жаркент өңірі" газетінде 2014 жылы 24 мамырда № 22 жарияланған) № 975 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Шухрат Бурхандинұлы Құрбановқа жүктелсін.

5. "Ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы (Саурамбаев

Ерғали Нүсіпбекұлы) осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және Панфилов ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

6. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Абдулдаев

Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы "03" маусымдағы "Панфилов ауданы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру және өткізу № 404 қаулысына қосымша

Р\с	Ауылдық округ атауы	Бірдейлендіруге жататын ауыл шаруашылығы жануарларының нақты саны (басы)					Ветеринариялық рәсімдеумен ауыл шаруашылық жануарларының сызбалары		Бірдейлендіру нәтижесін компьютерлік мәліметтер базасына енгізу		Бірдейлендіруді жүргізу бойынша қызмет көрсететін заңды тұлғаның атауы	Жеатк орг жа ор
		Ірі қара	Ұсақ мал	Жылқы	Түйе	Шошқа	Басталу мерзімі	Аяқталу мерзім	Басталу мерзімі	Аяқталу мерзім		
1	Жаркент	1131	1950	34		32	15.03.2015	31.12.2015	15.03.2015	31.12.2015	Жақал вет п у ме	
2	Басқұнша	1268	7830	320			15.03.2015	31.12.2015	15.03.2015	31.12.2015	Бас ауғ оқ вет п у ме	
3	Пиджим	1470	7600	280			15.03.2015	31.12.2015	15.03.2015	31.12.2015	Панфилов ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы ветеринариялық пункттері бар "	
4	Бірлік	1248	7190	179			15.03.2015	31.12.2015	15.03.2015	31.12.2015	Ветеринариялық станциясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	
5	Үлкеншыған	1625	6120	155	1		15.03.2015	31.12.2015	15.03.2015	31.12.2015	Үл ауғ оқ вет	

												п у меҥ
6	Жаскент	241	1560	58			15.03.2015	31.12.2015	15.03.2015	31.12.2015		Жа ауҥ окҥ вет пун
7	Талды	1040	7920	311			15.03.2015	31.12.2015	15.03.2015	31.12.2015		Тал окҥ вет п у меҥ
8	Сарыбел	1294	6260	230			15.03.2015	31.12.2015	15.03.2015	31.12.2015		Са ауҥ окҥ вет п у меҥ
9	Шолақай	1625	6270	171			15.03.2015	31.12.2015	15.03.2015	31.12.2015		Шс ауҥ окҥ вет п у меҥ
10	Үшарал	2849	5260	346			15.03.2015	31.12.2015	15.03.2015	31.12.2015		Үш ауҥ окҥ вет п у меҥ
11	Көктал	3143	13120	295	3	14	15.03.2015	31.12.2015	15.03.2015	31.12.2015		Кө ауҥ окҥ вет п у меҥ
12	Үлкенағаш	1232	7290	180			15.03.2015	31.12.2015	15.03.2015	31.12.2015		Үл ауҥ окҥ вет п у меҥ
13	Айдарлы	1365	7860	150			15.03.2015	31.12.2015	15.03.2015	31.12.2015		Ай ауҥ окҥ вет п у меҥ
14	Қоңырөлен	2592	17170	425	24		15.03.2015	31.12.2015	15.03.2015	31.12.2015		Қо ауҥ окҥ вет

